

№38 қазақ орта мектебі

5-8 сыныптар ата-аналарының арасында өткізілді

Тақырыбы: «Ақыл айтпа, жол көрсет»



Өткізген: Г.С.Жугунусова


Ақтөбе, 2023-2024 оқу жылы

Ақырыбы: «Ақыл айтпа , жол көрсет»

Қараша айының 15-і күні 5-8 сынып ата-аналарымен “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес “Ақыл айтпа, жол көрсет “ атты тренинг сабақ өткізілді. Сабағымыз мектеп директоры Л.Ш. Урекешованың сөзімен ашылды ✓

Сабақ барысында :

- ◆ 1. Амандасу тренингі .
- ◆ 2. Гүл алқабына гүл тере отырып ситуациялық сұрақтарға жауап беру .□
- ◆ 3. Видеоролик көрсетілімі .
- ◆ 4. Ата-ана мен бала арасындағы байланыстан үзінді көрініс □
- ◆ 5. Стакан мұнарасы тренингі, тағы да басқа да қызықты жаттығулар жасалды. Соңында ата-аналар сабақтан алған әсерлерін стикер арқылы жазып , жылы лебіздерін білдіре отырып , тілек шамымен сабағымыз қорытындылады. ✓

 **Өткізген :** Ағылшын тілі пән мұғалімі және 6 “Б”-сынып жетекшісі : Жугунусова Гулназ Самигуллаевна

Тренинг сабақтың мақсаты: ата-аналар мен ұстаз арасындағы жылы қарым қатынасты орнату, бірлесе отырып, балалардың тәртібі мен оқуын қадағалап олардың өмірде жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

Амандасу тренингі . Барлығымыз орнымыздан тұрып , дене мүшелерімізді түйістіру арқылы амандасамыз.

1. Қолын қысыңыз,
2. Арқасын қағыңыз.
3. Күлімсіреңіз.
4. Қол былғаңыз.
5. Көз қысыңыз.
6. Қомплимент айтыңыз.
7. Тілек айтыңыз.
8. Воздушный поцелуй.
9. Массаж жасаңыз.
10. Арқаңызды үйкелеңіз.
11. Құшақтасу.
12. Қол ұстап 3 рет секіру.

Ары қарай бір-бірімізбен танысып , гүл алқабына гүл тере отырып, ситуациялық сұрақтарға жауап береміз. Сұрақта ата-ана өзінің баласына қатысты берілген сұрақтарға жауап береді. Келесі бейнеролик көру яғни баламызға қандай кезде қалай көмек беру керек, бейнероликтен үзінді.

Ата-анамен үйдегі қарым-қатынас шағын көрініс ,ата-ананың балаға деген мейірімін көрсету. Олай болса келесі стакан мұнарасына кезек берейік , стаканға су құйылып, жоғары төмен көтеру арқылы жасалынады. Мұндағы мақсат ата-анамен ,ұстаз ауызбіршілікте, бірлесіп жұмыс жасауы.

қанда тренингтермен сабағымыз жалғасын тапты.

айлаулы бала (тренинг):

ата-ана ортаға шығады. Төмендегідей сұрақтар қойылады.

Сіз балаңызбен көл жағасына бардыңыз. Балаңыз суға қызыққаны соншалық суға қарай жүгіріп
ті. Сіз қалай тоқтатасыз? (аяғы байланады)

Қарасаңыз балаңыз адамдардың тастап кеткен темекінің тұқылын жинап алып, сонымен ойнап
ыр. Сіздің әрекетіңіз? (қолы байланады)

Жұмыстан шаршап келсеңіз бала теледидардан атыс-шабыс, бір сөзбен айтқанда өз деңгейіне
лмейтін кино көріп отыр. Сіздің әрекетіңіз? (көзі байланады)

Балаңыз сізге басқа ұлттың қызын ұнатты. Бірақ сіздің қалауыңыз ол емес еді. Сіздің әрекетіңіз?
сеудесі байланады)

. Балаңыз досымен келіспей қалды да, жаман сөздермен сыбағасын берді. Сіздің айтар сөзіңіз? (аузы
айланады)

Міне, баламыз қандай күйге түсті, құрметті ата-ана. Мұндай күйге түспес үшін баламызға неге
болмайтынын, «өйткені» сөзін қолдана отырып түсіндіруіміз керек. Сонда ғана сіз бала тәрбиесінде
мақсатыңызға жете аласыз.

Видеоролик көрсету

5. Слайд көрсету (ата-анаға кеңес). Слайдқа назар аударыңыздар.

Жүректен жүрекке: Құрметті ата-аналар! Енді осы балапандарымызға жүрегімізден шыққан жылы
сөздеріңізбен, тілектеріңізді қағазға (жапырақ) жазып ағашты көркейтейік.

Жүректен шыққан тілектеріңіз әрдайым жер бетіндегі балаларды қолдап желеп-жебеп жүрсін дегім
келеді.

Кері байланыс. Тілек шамымен сабағымызды қорытындыладық.

